



«БЕКІТЕМІН»



Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің
ШЖҚ «№13 Қалалық емхана» КМК
Директор

 Закарьянова Л.Л.
« 05 » қаңтар 2021 жыл

**2021 жылға арналған
АҚЫЛЫ НЕГІЗДЕ КӨРСЕТІЛЕТІН МЕДИЦИНАЛЫҚ
ҚЫЗМЕТТЕР ТІЗІМІ**

Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау және әлеуметтік даму Министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі «Денсаулық сақтау ұйымдарында ақылы қызметтер көрсету қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» №304 бұйрығына сәйкес мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарымен орындалатын көрсетілетін ақылы қызметтер келесі жағдайларда көрсетіледі:

- медициналық-санитарлық алғашқы көмек көрсетуде, пациенттердің бастамасы бойынша диагностикалық және емдік қызметтер, оның ішінде медициналық-санитарлық алғашқы көмек және денсаулық сақтау ұйым мамандарының жолдамасысыз;
- емдік дәрі-дәрмектер формулярына қосылмаған емдік дәрі-дәрмектермен емдеуде;
- жұмысқа және оқуға түсіге арналған медициналық зерттеулерді жүргізу кезінде;
- Кәсіпорынмен шарт бойынша медициналық көмек көрсету кезінде, оның ішінде ерікті медициналық сақтандыру буюыынша.

«БЕКІТЕМІН»



Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің
ШЖҚ «№13 Қалалық емхана» МКК
Директор

Л.Л. Закарьянова
Закарьянова Л.Л.
«05» *қаңтар* 2021 жыл

ЕРЕЖЕ

2021 жылға арналған Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің
ШЖҚ «№13 Қалалық емхана» МКК-да
«Ақылы медициналық қызмет көрсету тәртібі туралы».

1. Жалпы ереже.

1.1. Осы ереже ақылы негіздегі Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің ШЖҚ «№13 Қалалық емхана» МКК-да (*мәтін бойынша әрі қарай Кәсіпорын*) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлеміне (*мәтін бойынша әрі қарай – ТМККК*) кірмейтін ақылы көрсетілетін медициналық қызмет тәртібі мен шарттарын (*мәтін бойынша әрі қарай - Ереже*) анықтайды.

1.2. Осы ереже денсаулық сақтау саласында азаматтардың құқығын қорғау, сонымен қатар ақылы негіздегі медициналық қызмет көрсету үрдісін реттеу мақсатында Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» №193-IV Кодексіне, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 01 наурыздағы «Мемлекеттік мүлік туралы» № 413-IV Заңына және Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау және әлеуметтік даму Министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі «Денсаулық сақтау ұйымдарында ақылы қызмет көрсету Ережелері мен шарттарын бекіту туралы» №304 Бұйрығына және осы қызмет түрін реттейтін Қазақстан Республикасының басқа құқықтық -нормативтік актілеріне сәйкес өңделген.

1.3. Кәсіпорында Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген тәртіпте азаматтар жүгінген уақыттан бастап ақылы қызмет уақытылы көрсетілуіне және сапасына жауапты.

2. Ақылы қызмет көрсету шарттары.

2.1. Ақылы медициналық қызмет көрсету мақсаты тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінен тыс медициналық көмектің көлемінің көбеюі және қолжетімділігі, қосымша медициналық қызмет сұранысының қағаттандырылуы, оның сапасының артуы, сонымен қатар Кәсіпорынның өндірістік және әлеуметтік дамуына қосымша қаражатты жұмылдыру және қызметкерлерді материалды ынталандыру болып табылады.

- 2.2. Ақылы медициналық қызметтер Кәсіпорында медициналық қызмет құрайтын және бекітілген тәртіпте мекемеге берілген медициналық қызмет көрсету лицензиясында көрсетілген қызмет негізінде ұсынылады.
- 2.3. Ақылы қызметті ұйымдастыру туралы Ереже ақылы қызмет көрсететін құрылымдық бөлімшелер жалпы отырысында қабылданады, Кәсіпорын бірінші басшысы бұйрығымен бекітіледі және ҚР денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органмен келісіледі.
- 2.4. Бюджет қаржысы есебінен алынған медициналық құрылғылар Кәсіпорынның бірінші басшысы бекіткен кесте бойынша белгілі уақытқа сәйкес қызмет көрсету кезінде қолданылады.
- 2.5. Ақылы медициналық қызмет көрсетуде қолданылатын емдік дәрі-дәрмектер, алдын алу (иммунобиологиялық, диагностиалық, залалсыздандыратын) препараттар және медициналық мақсаттағы бұйымдар сақталады және жеке ТМҚК қолданылатын препараттардан есебі жүргізіледі.
- 2.6. Ақылы медициналық қызмет тұтынушыға (тапсырыс берушіге) жасалған шарт негізінде ұсынылады.
- 2.7. Ақылы медициналық қызмет көрсету Кәсіпорында келесі жағдайларда орындалады:
- пациенттің бастамасы бойынша диагностикалық және емдік қызмет көрсету, оның ішінде медициналық-санитарлық алғашқы көмек және басқа денсаулық сақтау ұйым мамандарының жолдамасыз;
 - дәрілі формулярда қамтылмайтын медициналық көрсетішкер бойынша емдік дәрі-дәрмектермен емдеу;
 - Ұйыммен жасалған шарт бойынша медициналық көмек көрсету, оның ішінде ерікті сақтандыру бойынша;
 - Шет ел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғаларға медициналық көмек көрсету.

3. Ақылы қызмет көрсету тәртібі.

- 3.1. Кәсіпорын азаматтарды ақылы қызмет көрсету тәртібі туралы расталған ақпаратпен қамтамасыз етеді (көпшілікке қолжетімді стендтарда, Кәсіпорын сайтында):
- құны көрсетілген ақылы медициналық және өзгеде қызмет тізімі туралы;
 - ақылы медициналық және өзгеде қызметті көрсету және алу шарттары туралы;
 - ақылы медициналық қызмет көрсетуге қатысатын медициналық қызметкерлер туралы, олардың кәсіби білімі және біліктілік деңгейі туралы мәлімет;
 - Кәсіпорын жұмыс тәртібі, ақылы медициналық қызмет көрсетуге қатысатын медициналық қызметкерлер жұмыс кестесі;
 - ақылы медициналық және өзгеде қызмет көрсетуге қатысатын Кәсіпорындағы жауапты тұлғалар телефондары.

- Лауазымдық міндеттерін, аса маңызды және ауыр тапсырмаларды үлгілі орындағанына және жұмыста басқада жетістіктеріне;

- Осы мемлекеттік Кәсіпорынның толық немесе оның және құрылымдық бөлімдерінің әрі қарай қалыпты (үздіксіз) жұмысы шұғыл орындалуына тәуелді жедел және алдын ала болжанбаған жұмыс орындауына;

- Кәсіпорын қызметі мен міндеттерін тиісінше орындау.

Сыйлықақы, ынталандыру үстемақылары мына жағдайларда қызметкерге жүргізілмейді:

алынбаған тәртіптік жаза болған жағдайда;

сынақ мерзімінен өту кезеңінде.

5.7. Кәсіпорынның бірінші басшысы ақылы қызмет бойынша кірістің өзгеруі мен жұмыс көлеміне тәуелді ақылы қызмет бойынша қосымша ақы көлемін қарастыруға мүмкіндігі бар. Қосымша ақы көлемі тиісті комиссиямен қарастырылады.

5.8. Қолданылмаған құралдар бюджетке алуға жатпайды және келесі жылдары қолданылады.

5.9. Кәсіпорын бірінші басшысы ақылы қызмет көрсету құралдары қатаң түрде мақсатты бағыты бойынша қолданылуы үшін жауапты.

6. Ақылы негіздегі медициналық қызмет көрсетуді бақылау және орындаушы жауапкершілігі.

6.1. Осы ереже талаптарын бұзғаны үшін жауапты тұлғалар белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапқа тартылады.

6.2. Ақылы медициналық қызмет бойынша міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін орындаушы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапқа тартылады.

6.3. Кәсіпорын ақылы медициналық және басқада қызметтер бойынша міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін, нұсқаулықтары (ұсыныстары) сақталмаған жағдайда, оның ішінде көрсетілетін қызмет сапасын төмендететін емдеу тәртібі тағайындау жағдайы орын алса, нәтижесі оны уақытылы аяқтауға мүмкін болмаса немесе тапсырыс беруші (тұтынушы) денсаулық жағдайына кері әсерін тигізген жағдайда Орындаушыны міндеттерінен босатады.

6.4. Азаматтарға ақылы медициналық қызмет көрсету сапасы мен ұйымдастырылуы үшін, дұрыс төлем алу үшін, ақылы медициналық қызмет көрсетуден алынған қаражатты жұмсау үшін бақылауды денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган, аймақтық қаржылық басқарма және ҚР заңнамасына сәйкес медициналық мекеме қызметін бақылау жүктелген ҚР басқада мемлекеттік органдарының құзыреттілігі шегінде орындалады.

3.10. Құрылымдық бөлімшелермен Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау Министрінің 2010 жылғы 23 қарашадағы «Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама түрін бекіту туралы» № 907 бұйрығымен бекітілген бастапқы медициналық құжаттамасы жүргізіледі.

3.11. Ақылы медициналық қызмет көрсету жұмысы кезеңінде қызметті іске асырудан түсетін қаражат есебінен қамтамасыз етілетін, қосымша медициналық және өзге қызмет лауазымдары енгізілуі мүмкін.

Ақылы қызмет көрсету бойынша жұмыс қоса атқарушылық болып есептелмейді.

3.12. Пациенттерді дәрілік формулярға кірісттірілмеген емдік дәрі-дәрмектермен қамтамасыз ету пациенттің немесе олардың заңды өкілдерінің келісімен ақылы негізде жүргізіледі.

4. Пациенттердің бөлек санаттарына арналған жеңілдіктер туралы мәлімет.

4.1. Кәсіпорын төмендегі жеңілдіктерді ұсынады:

- I-II - топтарының мүгедектеріне көрсетілетін медициналық қызметтердің бағасынан 50% мөлшерлемеде жеңілдік;

- III - топтарының мүгедектеріне көрсетілетін медициналық қызметтердің бағасынан 30% мөлшерлемеде жеңілдік;

5. Ақылы қызмет көрсетуден алынатын кірісті қолдану тәртібі.

5.1. Ақылы медициналық қызмет көрсету барысында Кәсіпорынның қаржылай қаражат көзі болып мыналар табылады:

- ерікті медициналық сақтандыру бойынша сақтандыру компания қаражаттары;

- ұйым және кәсіпорын қаражаты;

- азаматтардың жеке қаражаты;

- өзгеде ҚР заңнамасымен рұқсат етілетін ақы көздері.

5.2. Төлем қызмет көрсетілер алдында жүргізіледі және қолма-қол ақшасыз есеп айырысу жолымен де жүргізілуі мүмкін, сонымен бірге қолма-қол ақшалай есеп айырысу Кәсіпорын кассасы арқылы (міндетті түрде фикстік жады бар және пациентке бақылау түбіртегін беретін бақылау-кассалық машинасын қолданумен) қатаң есептілік пен белгіленген тәртіп бекітілген құжат болып табылатын, стандартты бланк-түбіртек формасын қолдану арқылы жүзеге асырылады. Қолма қол ақшаны тікелей ақылы қызмет көрсетушіге алуға тыйым салынады.

Ұйымдар, кәсіпорындар және мекемелермен өзара есеп айырысуда көрсетілген медициналық қызмет көлемі мен бағасы есеппен анықталады. Ақылы қызмет бойынша есепті тіркеу бөлек журналда жүргізіледі. Тұрғындар көрсетілетін ақылы қызмет статистикалық және бухгалтерлік есеп нәтижесі негізгі қызметтен жеке жүргізіледі.

3.2. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының территориясында рұқсат етілген диагностикалық, алдын алу және емдік әдістерге талап етілген көрсетілетін медициналық қызмет талаптарын қамтамасыз етеді. Кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелері ақылы қызмет көрсету барысында әрекет ететін осы Ережені және ҚР заңнамасын негізіне алады.

3.3. Кәсіпорында көрсетілетін ақылы қызмет түрлері және «Астана қаласы денсаулық сақтау басқармасы» ММ – уәкілетті органмен осы медициналық қызметтерге баға көрсеткіштері.

3.4. Ақылы қызмет құны медициналық қызмет көрсету мен басқа қосымша шығындарға байланысты барлық шығын түрлері есебінен анықталады және жарты жылда бір реттен жиі қарастырылмайды. Ақылы қызмет құны Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау және әлеуметтік даму Министрінің 2015 жылғы 16 қыркүйектегі «Тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі шеңберінде медициналық қызмет тарифін бекіту туралы» №725 бұйрығымен бекітілген ұқсас медициналық қызметтер тарифынан төмен емес бекітіледі.

3.5. Кәсіпорын ақылы және басқа қызметтерді талаптары мен олардың көрсетілу мерзімі регламенттері, есеп айырысу тәртібі, тараптар құқығы, міндеттері мен жауапкершіліктері анықталған ақылы медициналық қызмет көрсету келісім шартыттары негізінде көрсетеді. Келісім шарт азаматтармен (жеке тұлғалар), ұйымдармен (заңды тұлғалар) жасалуы мүмкін. Келісім шарт көрсетілетін қызмет тәртібі пен талаптарын құрайды, ол қолжетімді, түсінікті формада келесі мәліметтерден тұрады:

- ақылы медициналық қызмет көрсету барысында қолданылатын медициналық көмек көрсету тәртібі мен стандарттары;
- диагностикалау мен емдеу туралы ақпарат;
- шарт мәніне қатысты өзгеде мәліметтер.

3.6. Медициналық көмекті ақылы негізде алған пациенттерге Кәсіпорын ұсынады:

- тараптар арасында жасалған келісім шарттің бір түпнұсқасы;
- көрсетілген медициналық көмек шығындары туралы ақпарат.

3.7. Ақшалай қаражат арқылы жасасқан келісім шарт негізіндегі тұтынушылармен есеп айырысу міндетті түрде фикстік жады бар және пациентке бақылау түбіртегін беретін бақылау-кассалық машинасын қолданумен касса арқылы жүргізіледі, ағымдағы шот есебіне қосылады. Қолма-қол ақшасыз есеп айырысу ағымдағы шотқа, ақша аудару арқылы жүргізіледі.

3.8. бухгалтерлік есеп жүргізу, ақылы қызмет жөнінде уақыты толық және нақты бухгалтерлік есептілік бойынша жауапкершілік бас есепшіге жүктелінеді.

3.9. Кәсіпорында қолданыстағы ҚР заңнамасына сәйкес ақылы қызмет бойынша бухгалтерлік есеп және есетілік жеке жүргізіледі.